

Туған жерім тұғырым

Туған жерім – тұғырым» деген аталы сөздің астарында терең мағына бар. Әрбір адам баласы үшін өзінің кіндік қаны тамған жері дүниедегі ең киелі, ең ыстық мекен болып саналады. Туған жер - таусылмас қуат көзі. Туған жер тек географиялық мекен емес, ол - адамның рухани тірегі, асқақ армандарына жол ашатын алтын босағасы.

Туған өлке әрбір тұлғаның өмірде өз орнын тауып, биіктерге самғауына күш беретін негізі болып табылады. Адам қайда жүрсе де, туған жерінің ауасы мен суын аңсап тұрады. Оның топырағынан алған тәрбиесі мен ата-анасының ақылы өмірлік бағдаршамына айналады. Қазақта мақал бар, “туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас”. Демек, адамның туып - өскен жері, атамекені ешқандай басқа жермен салыстыруға келмейтін, қадірлі әрі ыстық мекен.

Отанға деген сүйіспеншілік бәрлық адам үшін маңызды. “Отан отбасынан басталады” демекші, сол Отанға деген ұлы сезім туған ауылдың шаңынан, жусан иісінен және сарқыраған бұлағынан бастау алады. Тарихи тамыр, ата - баба жаны сінген жер. Туған жер - бабалардың ізі қалған, тарихымыз бен салт-дәстүріміз сақталған қасиетті мекен. Өз өлкеміздің қадірін әрдайым білген абзал.

Қазіргі жаһандану заманында әлемнің кез келген нүктесіне баруға мүмкіндік бар. Алайда, өзге елдің табиғаты қаншалықты көркем болса да, туған жердің бір төбесіне жетпейді. Қазақ халқында “жат жердің гүлінен, өз жеріңнің тікені артық” деген сөз бекер айтылмаған. Бүгінгі таңда туған жерді сүйу - оның табиғатын қорғау, тарихын білу және гүлденуіне үлес қосу. Еліміздің ертеңі - білімді де патриот жастардың қолында екеніні бәрімізге мәлім. Біз өз туған өлкемізді мақтан тұтып, оның дамуына еңбек сіңіргенде ғана тұғырымыз биік болады.

Қорыта айтқанда, туған жер – әр адамның мақтанышы, бақыты мен шабыт көзі. Ол біздің өткенімізді болашақпен жалғайтын алтын көпір іспетті. Туған жерімізді қастерлеу, оны көздің қарашығындай сақтау – әрбір азаматтың қасиетті борышы. Тұғырымыз биік, туған жеріміз аман болсын!